

Байтенова Н.Ж.

**Қазіргі Қазақстандағы дінтану саласында мамандарды дайындаудың өзекті мәселелері**

Қазіргі Қазақстан үшін өзекті мәселелердің бірі дінтану саласында мамандарды дайындау болып табылады. Мақалада соңғы жылдары Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі уақытта дінтану саласында мамандарды дайындаудағы жеткен жетістіктер тарихы, білім мен тәрбие мәселелері туралы жан-жақты талдау жасалып, дінтанулық білім мен діни білім мәселелері, діни және дінтанулық сауатсыздық мәселесін шешумен де байланысты қарастырылады. Сонымен қатар, мақалада дінтану, исламтану саласында мамандарды дайындаудың үрдістері мен үдерістеріне де жеткілікті түрде назар аударылады.

**Түйін сөздер:** дінтану, исламтану, білім саласы, дінтанулық білім, діни білім, мамандар дайындау, діни және дінтанулық сауатсыздық мәселесі.

---

Baitenova N.Zh.

**Actual problems of religious studies specialists training in the conditions of modern Kazakhstan**

For modern Kazakhstan in one of the most pressing problems is the problem of training of specialists in the field of religious studies. The article describes the history of achievements in the training of specialists in the field of religious studies after Kazakhstan became independent, provided a comprehensive analysis of the problems of education and training, issues of religious education and religious studies, also discussed issues related to religious and theological illiteracy. Also in the article is given enough attention to the processes and trends of the future training of specialists in areas of religious studies and Islamic studies.

**Key words:** religious studies, Islamic studies, education, religious and religious studies Education, training, religious and religious studies illiteracy.

---

Байтенова Н.Ж.

**Актуальные проблемы подготовки специалистов-религиоведов в условиях современного Казахстана**

Для современного Казахстана к одним из актуальных относится проблема подготовки специалистов в области религиоведения. В статье рассмотрена история достижения в деле подготовки специалистов в области религиоведения после того, как Казахстан стал независимым, дан всесторонний анализ проблем образования и воспитания, рассмотрены вопросы религиозного и религиоведческого образования, а также вопросы, связанные с религиозной и религиоведческой безграмотностью. В статье уделено внимание процессам и тенденциям будущей подготовки специалистов по направлениям религиоведение и исламоведение.

**Ключевые слова:** религиоведение, исламоведение, сфера образования, религиозное и религиоведческое образование, подготовка специалистов, религиозная и религиоведческая безграмотность.

**ҚАЗІРГІ  
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ  
ДІНТАНУ САЛАСЫНДА  
МАМАНДАРДЫ  
ДАЙЫНДАУДЫҢ  
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Бүгін біз қазіргі Қазақстандағы дінтану саласында білім беру және ғылым мәселелері бойынша белгілі бір тәжірибенің жинақталғандығы туралы айта аламыз [1]. Осы мәселе төңірегінде қол жеткен нәтижелерді жүйелеп тәжірибе алмастыру ниетімен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-інде «Зерттеу университетіне трансформациялану аясындағы дінтанулық білім» [2] және «Қазіргі Қазақстандағы дінтанулық білім беру жүйесі: жағдайы және перспективалары» [3] атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар өткізілді. Діни және дінтанулық білімді жетілдіру мәселесі дін саласындағы түбегейлі өзгерістердің болуымен де айғақталынады [4]. Діни және дінтанулық білімді жетілдіру мәселесі оқулықтардың жаңа проекттері мен модельдерінің қалыптасуы мен басылып шығуы да қажет етеді [5].

Қазақстанда діни және дінтанулық білім берумен бірқатар жоғары оқу орындары айналысады, олардың қатарына әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Яссауи атындағы Қазақ-Түрік университеті, Египет Ислам мәдениеті университеті, Шет тілдер және іскерлік карьера Университетін ерекше атап өтуге болады. 1998 жылы Қазақ ұлттық университетінің философия және саясаттану факультетінің философия және ғылым методологиясы кафедрасы негізінде дінтану мамандығы бойынша бакалавриат, 1999 жылы магистратура, 2010 ж. PhD докторантура бөлімдері ашылды. 2003 жылдан бастап Египет ислам мәдениеті университетінде, Еуразия ұлттық университетінде және Шет тілдер және іскерлік карьера университетінде дінтану мамандары дайындалуда. 2010 жылы Қожа Ахмет Яссауи атындағы Қазақ-түрік халықаралық университетінде теология мамандығы ашылды, соңғы жылдары Египет ислам мәдениеті университетінде исламтану бағыты бойынша бакалавр, Египет ислам мәдениеті университеті мен Философия, саясаттану, дінтану институтында исламтану бағыты бойынша PhD докторантура бөлімдері ашылды.

Соңғы 18 жыл аралығында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де дінтанушы мамандарды дайындау жеткілікті дәрежеде іске асуда. Дінтану және мәдениеттану кафедрасының негізінде дінтану, теология, исламтанудың мемлекеттік стандарттары жасалып Білім және ғылым министрлігінің мамандықтар клас-

сификаторына енгізіліп, лицензия алынды. Әрине, біздің кафедра осы мамандықтарды Министрліктің мамандықтар классификаторына енгізіп лицензия алу үшін біраз тәжірибе жинақтауға тура келді, себебі Қазақстан тарихында бұл мамандықтар алғаш рет қолға алынып отырғандықтан ешбір тәжірибе, бағдарламалар болмады. Ол үшін спонсорларды тауып, ғылыми проекттерімізді пайдаланып, жақын және алыс шетелдерге барып (ең алдымен, Татарстан, Қазандағы Ресей Ислам университеті, Түркия, Стамбулдағы Мармара университеті, Кониядағы Сельджук университетіндегі Иллахиат факультеттері, Малайзия университеттері), олардың тәжірибелерін сараптап, өз тәжірибелерімізді және қоғамдық және ғылыми сұраныстарымызды ескере отырып, бізге бейімдеуге тырыстық. Осы уақыт шеңберінде Қазақстан үшін дінтану саласында жоғары білікті бакалавр мен магистранттарды дайындасақ, 2014 ж. алғашқы PhD докторанттары диссертацияларын қорғап, үлкен кәсіптік жолға жолдама алды.

Осы жылдар аралығында біздің күшімізбен дінтану мамандығы бойынша монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары, оқу-әдістемелік құралдар, мемлекеттік стандарттар, ЖОБ-лары (РУПы) дайындалып басылып шықты. Білім және ғылым министрлігінің жаңа оқулықтар жазуға бағытталған 2006 ж. грантын ұтып, бірқатар оқулықтар басып шығарылды, соның ішінде «Дінтану негіздері» оқулығы да бар. Сонымен қатар «Қазақстандағы діндер», «Деструктивті секталар мен культтер», «Діндер тарихы», «Діни антропология», «Ханафи мазхабы», «Бахаи, Ахмадия, Вайшнаизм» атты оқу құралдары кезінде жарық көрсе, 2017 ж. «Дінтану. Энциклопедиялық сөздікті» басып шығаруды жоспарлап отырмыз. Осы жоба шеңберінде алғашқы діни сенімдер, ежелгі түркілердің исламға дейінгі наным-сенімдері, жалпы дінтану мәселелеріне арналған «Дінтану сөздігінің» 1 томы басылып шықты. Осы жылдар шеңберінде кафедраның күшімен діннің өзекті мәселелеріне арналған халықаралық, республикалық конференциялар, семинарлар, дөңгелек столдар өткізіліп, ғылыми проектілер бойынша ғылыми зерттеулер жүргізіліп, ғылыми нәтижелері оқу процесінде пайдаланылды. Соңғы жылдары кафедраның күшімен мектеп оқытушылары үшін дінтану пәні бойынша біліктіліктерін арттыру курстарын өткізіп отыр. Университетімізде кафедраның негізінде республикада алғашқы рет ғылыми, академиялық бағыттағы «ҚазҰУ Хабаршысы», Дінтану бағыты бойынша журнал жарық көрді.

Бірақ, бұған қарамастан, әлі де болса, біз дінтанушыларға деген сұранысты толық қанағаттандырдық деп айта алмаймыз. Қазақстандағы, жалпы әлемдегі діни жағдайды ескеретін болсақ, жоғары білікті дінтанушы мамандарды даярлау, заманауи сұранысқа жауап беретін оқулықтар мен оқу құралдарын басып шығару, әсіресе, қазақ тілінде, дінтану ғылымын іргелі ғылым дәрежесіне көтеру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып қалып отыр.

Қазақстанда *дінтанулық білім* беру мәселесі бүгін көпбағытты сипатта, ол тек қана мамандарды дайындау деңгейімен ғана емес, сонымен қатар мазмұндық жағынан да айрылады. Дінтанулық білім беру мәселесі қойылғанда дінтанушы мамандарды даярлау мәселесімен қатар, діни және дінтанулық сауатсыздық мәселесін шешумен де байланысты. Соңғы мәселеде дінтану пәнін міндетті пән ретінде барлық деңгейде және барлық мамандықтар үшін енгізу туралы сөз болып отыр, ол қазіргі қоғамда діни және конфессияаралық қатнастарда радикалды трансформацияларға байланысты орын алған көптеген мәселелерді шешуге негіз болар еді.

2009 оқу жылынан бастап дінтану пәні қосымша пән ретінде орта білім беретін мектептердің 9-сыныбында қосымша оқытылып келе жатқаны белгілі. Дінтануды оқытудың әдістемелік негіздері әлі де болса толыққанды жасалмағаны белгілі. Қазіргі кезде дінтану пәніне арналған бірнеше оқулықтар бар. Мектепке арналған дінтану оқулықтары мен оқу құралдарының мазмұндық жағы және баяндау тәсілі оқушылардың дүниетанымдық деңгейіне сәйкес келе бермейді. Мектептерге арналған дінтану оқулығын дайындағанда мектеп психологиясы мен педагогикасын терең меңгерген білікті мамандарды тарту қажет. Осы мәселелердің ішіндегі ең өзектісі мектепте дінтанушы мамандардың жетіспеушілігі, өкінішке орай, дінтану пәнінің руханилық, дүниетанымдық, идеологиялық мән-мағынасын дұрыс түсінбеуден кейбір жағдайда бұл пәннің толыққанды оқытылмауы немесе кез келген пән мұғалімдеріне жүктелуі орын алып отырғандығы.

Діни және дінтанулық сауатсыздық пен тәрбие мәселесін шешумен бірге діни және дінтанулық білім беру басқа да өмірлік мәні бар мәселелерді шешуге негіз болар еді: әртүрлі діндер арасындағы өзара түсіністік, конфессияаралық түсіністік пен келісім, конфессияаралық қатынастар мәдениеті, әртүрлі фобияларды жоюға, экстремизм мен терроризмге қарсы тұруға. Дінтану пәнін оқытуда дінді ғылыми тұрғыда тү-

сіндіруге мән берілуі керек. Дін туралы ғылыми білім діннің шығуы мен дамуы туралы объективті білім береді. Оқу-тәрбие үдерісінде дінтануды оқыту адам және қоғам туралы білімді ұлғайтып, ұлттық сана мен азаматтық сананы қалыптастыруға, салауатты өмір салтын ұстануға және төзімділікке үйретеді. Мемлекеттік білім беру ұйымдарының зайырлық сипатын дінтану пәнінен сабақ берген кезде әруақытта естен шығармай ескеруіміз қажет. Дінтану пәнінен сабақ берген кезде *ғылымилық, объективтілік, зайырлық* негізгі принцип ретінде басшылыққа алынуы тиіс. Бұл теология, исламтануға да қатысты. Саламатты өмір салтын ұстану және діни фанатизм мен соқыр еліктеушілікке қарсы тұратын, қалқан болатын діни мәдениет пен діни сана қалыптастыру үшін дінтану зайырлы тұрғыда берілуі керек.

Білім және ғылым министрлігінің мамандықтар классификаторына исламтану пәні енгізілді. Егер ислам және христиандық теология бойынша зайырлы жоғары оқу орындарында, университеттерде мамандарды дайындау мәселесі бойынша пікірталас болса, исламтану саласында мамандарды дайындау мәселесі бойынша ондай пікірталастың болуының ешқандай негізі жоқ. Дегенмен, бүгін Қазақстанда исламтануға байланысты екі қарама-қарсы көзқарас қалыптасып, екі бағытта мамандар даярлау мәселесі қалыптасып отыр. Бір жағынан, дінтану сияқты исламтану да исламды ғылымилық, объективтілік, зайырлық тұрғысынан зерттейтін ғылым, білім саласы ретінде түсінік қалыптасты. Исламтану осы тұрғыдан алатын болсақ, теологиялық ғылым емес, зайырлы, ол исламды ғылыми тұрғыдан зерттеп білім береді. Екінші жағынан, теология батыстық ұғым оны исламға қатысты қолдануға болмайды деген ұстанымға байланысты ислам теологиясы деген пәннің атауы исламтану деген ұғыммен алмастырылды. Осы қалыптасқан түсінік бойынша, исламтану діни пән ретінде қабылданып, исламды зерттеу діни, исламдық принципке негізделеді. Әрине, осындай екі түрлі тұрғыдан исламтануды қарастыру бір-бірін толықтырады, дегенмен, әруақытта қандай тұрғыдан зерттеліп немесе оқытылып жатқаны нақтыланып отыруы қажет. Исламтанушыларды діни, теологиялық тұрғыдан Қазақстанда діни оқу орындары даярласа, исламтанушыларды зайырлы оқу орындарында, университеттерде де даярлау өзекті мәселе.

*Діни білім* дінді және діни процестерді діннің өзі тұрғысынан оқып зерттеуді және осы сенімдегі адамдарды сол діннің ілімінің негіздеріне

оқып үйретуді білдіреді. Дінтанулық білім сияқты, діни білім беру де негізгі екі бағыт бойынша іске асады. Бір жағынан, діни ұйымдар үшін дін мамандарын даярлау болса, екінші жағынан, діни сенімдегі адамдарға діни білім беру арқылы діни сауатсыздық мәселесін шешу, өз дінінің салт жораларымен, тарихымен таныстыру. Бұл жерде нақтылай түсуіміз қажет, сөз, әрине, біз үшін дәстүрлі болып табылатын ханафи бағытындағы ислам және православие туралы болып отыр. Шетелдік батыстық елдердің тәжірибесіне жүгінетін болсақ, өздерінің дәстүрлі діндегіне қолдау білдіреді, соның ішінде діни білім беру саласында да. Біз үшін бүгінгі күнге дейін өзекті болып тұрған мәселе: жоғары білімді, білікті діни қызметкерлерді, әсіресе ислам бағытында даярлау. Бүгін діни қызметкерлерге өте жоғарғы талаптар қойылады, ол жеткілікті дәрежеде тек ислам саласында емес, басқа да діндердің тарихы мен ұстанымдарын меңгерумен қатар, жалпы жан-жақты білімді, беделді болуы қажет, адамдар оның сөзіне сеніп, пікіріне құлақ асатын, тыңдайтын, артынан еретіндей болуы керек, олай болмаған жағдайда басқа деструктивті ұйымдардың артынан еру қаупі әруақытта да сақталады. Түркияда, жалпы Европада барлық діни қызметкерлерге жоғары талаптар қойылады: олардың жеткілікті дәрежеде университеттік деңгейде білімдері болуы керек, онсыз діни қызметпен шұғылдануға лицензия, рұқсат берілмейді. Әңгіме нақтылы университеттік білім туралы болып отыр: діни қызметкерлер дүниетануы кең ауқымды болуы керек, оның танымдық, білімдік деңгейі тек діни білім шеңберімен шектелмеуі қажет, басқа ғылыми білім саласын да жеткілікті меңгеруі қажет. Европалық діни қызметкерлердің көпшілігінің магистр дәрежесі бар, тек аз бөлігінде бакалавр дәрежесі, бұл жерде, әңгіме негізінен католицизм туралы болып отыр. Осы мәселе төңірегінде айтатын болсақ, бізде діни білім беру саласында жетекші университет болып Египет ислам мәдениеті университеті табылады. Ол университетте ханафи бағытындағы болашақ діни қызметкерлерді дайындайды. *Есте ұстайтын келесі бір маңызды және өткір мәселе: бүгін ешбір бақылаусыз көптеген жаңа діни ұйымдар да діни білім беруді іске асырып жатыр, соның ішінде тоталитарлы және деструктивті секталар да аз емес.*

Қазақстанда діни және дінтанулық білім беру мәселесі бойынша біржақты шешімнің болмауы және де олардың қызмет көрсету ауқымының кеңеюіне байланысты Қазақстандағы діни және дінтанулық білім берудің біртұтас мемлекеттік

концепциясын жасау өзекті мәселеге айналып отыр. Бұл мәселе бойынша Дін істері бойынша Комитет тарапынан алғашқы қадам жасалып, оның жобасы ұсынылып отыр, енді оны осы саладағы мамандар арасында талқылауға салу қажеттілігі туындап отыр. *Қазақстандағы діни және дінтанулық білім берудің біртұтас мемлекеттік концепциясын жасаудың өзектілігі* осы сферада туындап отырған шынайы процестер мен мәселелерге байланысты. Нақтырақ тоқталатын болсақ, Қазақстандағы діни және дінтанулық білім берудің демаркациялық аражігі, мазмұны мен мақсат-міндеттері әлі күнге дейін нақтылы айқындалмаған, ал бұл мемлекеттік оқу орындарының клерикализациялануына, дінтанулық білімнің діни біліммен ығыстырылуына, мемлекеттік оқу орындарындағы зайырлық принципке күмән тудыруға алып келу қаупі бар.

Зайырлы және конфессионалдық білім беру жүйесінде жаңа бағытты қалыптастыру бүгінгі күн сұранысына уақытылы жауап болар еді: ол – *дінтанушы мамандар мен Қазақстандағы дәстүрлі діндер үшін діни қызметкерлерді қайта дайындау және құзырлығын арттыру курстарын ұйымдастыру*. Бұл мәселе, әсіресе, мектеп мұғалімдері үшін өте маңызды. Әрине бұл мәселе жоғары оқу орындарында сабақ беретін ұстаздар үшін, жалпы дін саласында қызмет жасап жүрген барша мамандар үшін де өзекті мәселе. Дін саласында мамандар даярлағанына 18 жылдан асып кетті, бірақ бүгінгі күнге дейін дінтанушылар мен теологтар, исламтанушылар үшін бірде бір қайта дайындау және құзырлығын арттыру институты жоқтың қасы. Дінтанушылар мен теологтар үшін жеткілікті дәрежеде оқу-методикалық, ғылыми, материалдық-техникалық базасы бар қайта дайындау және құзырлығын арттыру институты қажет және де ол біртұтас мемлекеттік концепциясымен нақтылы жазылуы, көрсетілуі қажет. Дінтанулық білім беру жүйесінде осындай орталық әл-Фараби атындағы ҚазҰУ болса, діни білім беру орталығы болып ислам мәдениеті Египет университеті бола алар еді. Сонымен қатар, білімдік, ғылыми, оқу-әдістемелік семинарлар, Жазғы және Қысқы мектептерді ұйымдастыру қажеттілігі туындап отыр. Қайта дайындау және құзырлығын арттыру институты, үйретуші семинарлар мен конференциялар дінтану пәнінің ұстаздары үшін білім мен тәжірибе алмасу бағытында жасалған маңызды қадам осындай іс-шараларда дінтану пәнінің мақсаты мен міндеттері, дінтану пәнінің құрылымы, зерттеу

әдістері, ұғымдары мен терминдері, баяндау қағидаттары, дінтанудың негізгі теориялары, діннің құрылымы және элементтері, діннің қызметі мен рөлі, мәдениет жүйесіндегі діннің рөлі туралы жан-жақты білім беру іске асырылады. Қайта дайындау және құзырлығын арттыру курстарын мектеп оқытушыларымен қатар дін саласында қызмет істеп жүрген мемлекеттік қызметкерлер, жоғары оқу орындарының ұстаздары, журналистер үшін де жүйелі түрде өткізіп отыру өмір қажеттілігіне айналды. Осы іс-шараларды іске асыратын дінтану және исламтану салаларындағы жоғары білікті мамандар үшін алыс және жақын шетелдерде тәжірибе алмастыруға, біліктілігін жетілдіріп, ол білімі мен тәжірибесін қазақстандық дінтанушылар мен исламтанушыларға жеткізуге мүмкіндік беру қажеттілігі туындап отыр.

Қазақстанда діни және дінтанулық білім беру саласындағы біртұтас мемлекеттік концепциясының маңызды бөлігі болып *дінтануды мектептер мен университеттердегі, жалпы оқу орындарының барлық деңгейінде барлық мамандық бойынша міндетті пән* ретінде оқу бағдарламасына енгізу мәселесі. Қайталаушылық болмау үшін мектептерде «Діндер тарихын», ал университеттерде «Дінтану негіздері» пәнін енгізу қажеттілігі күннен күнге артып отыр. Себебі, біріншіден, Дінтану, дін тарихы, дін философиясы, діни философия, дін социологиясы, дін психологиясы, дін антропологиясы, дін феноменологиясы сияқты негізгі құрамдас бөлімдерден тұрады, ал мектепте бүгінгі күні оқытылып жатқан пән, шын мәнінде, дінтану емес, діндер тарихы. Екіншіден, мектеп оқушылары үшін дінтану, оның толық мағынасында, меңгеруге күрделі болып табылады. Және де оны факультативті пән ретінде немесе әртүрлі іс-шаралар арқылы бұл аса күрделі мәселені шешу мүмкін емес, ол тек жүйелі түрде білім беру негізінде ғана мүмкін.

Біз дінтану мамандарын даярлаудың бірінші кезеңінен аттап өткен сияқтымыз, яғни, жалпы дінтану және исламтану мамандарын даярлауда белгілі бір нәтижеге жеттік деп айта аламыз. Енді стагнация жағдайына кіріп кетпеу үшін осы бағытты ары қарай жетілдіру жолдарын қарастыруымыз қажет. Әсіресе, қазіргі заманда, әлемнің діни ахуалы күрделініп бара жатқанда, дінтанудың білімдік және ғылыми саласын жетілдіру заманауи өзекті мәселе болып отыр. Тағы да шетел тәжірибесіне жүгінетін болсақ, оларда жалпы дінтану немесе исламтану мамандарын дайындаумен шектелмейді. Мысалы, мұсылман елде-

рінде жалпы исламтану деген пән жоқ, оларда исламтанудың нақтылы – фикх, ақыда, қалам сияқты бағыттары бойынша иллахиат факультеттерінде мамандар дайындайды. Ал дінтану саласын алатын болсақ, бізде дін социологиясы, дін психологиясы және т.б. салалары бойынша мамандар жоқ. Ендігі жағдайда жалпы дінтанушылар мен исламтанушыларды дайындау жеткіліксіз, жоғарыда аталған нақтылы бағыттар бойынша дайындауымыз қажет. Біз, бұл мәселені ИОТ (индивидуалды оқыту траекториясы) арқылы шешуге тырысып жатырмыз. ИОТ: бакалавриат: исламоведение, сектоведение; магистратура: теология және дін және құқық; докторантурада: теология және дін философиясы. Бірақ бұл жеткіліксіз, дінтану факультетін ашып, нақтылы бағыттар бойынша білікті мамандарды дайындауымыз қажет. Осыған байланысты біз жай ғана дінтану немесе исламтану кафедрасы шеңберінде мамандарды дайындаудан өсіп кеттік, дінтану факультетін ашу заманауи сұраныс. Бүгінгі күні дін идеологияның өте бір белсенді, идеологияның басқа түрлеріне ауқымды әсер етіп отырған күшке айналған заманда, өкінішке орай, Қазақстанда бірде-бір өзіндік Ислам немесе дінтану университеті жоқ. Қалай болғанда да діннің бүгінгі күннің қаншама мықты идеологиялық негізге айналғандығын ескерсек, басқа мемлекеттермен ғана бірігіп, осы салада идеологиялық мамандарды даярлауымыз түсініксіз жағдай деп айтуға тұрарлық. Әрине, бастапқы кезде туыс мұсылман халықтардың көмегін де ұмытпауымыз керек, болашақта да білікті маман ретінде міндетті түрде шақырып отыруымыз керек, дегенмен басқа жақтарын да есте сақтауымыз қажет сияқты...

Дінтанудың ғылыми білім саласы ретінде дамуы, бүгінгі мен ертеңі деген мәселеге назар аударатын болсақ, бұл салада мәселелер баршылық. Дінтану мен исламтану салаларында жазылған еңбектерінің көпшілігі практикалық, күнделікті өмір сұранысынан туындаған еңбектер. Ол, әрине, түсінікті жағдай, себебі дінтану да, исламтану да, ең алдымен, әлемде, елде қалыптасқан діни жағдайға байланысты қалыптасқан жас оқу пәні және ғылым. Дегенмен, қолданбалы ғылымды дамыту үшін іргелі ғылымды дамытып жетілдіруіміз қажет. Дінтану мен исламтануды іргелі ғылым саласына айналдыру үшін дін саласында жүргізілетін зерттеулердің теориялық, аналитикалық, сараптамалық деңгейін тереңдетуіміз қажет. Дін саласындағы зерттеулердің жүйелік, тұтастық принциптеріне негізделіп, методологиялық база-

сын жетілдіруіміз қажет. Қазір шынайы, терең теориялық еңбектер жеткіліксіз, осы бағытта жұмыс істеуіміз қажет. Дін социологиясы, дін психологиясы, дін философиясы, діни антропология салалары, жалпы нақтылы социологиялық зерттеулер бойынша мамандар да, зерттеулер де жоқ деп айтуға болады.

Адам жанын тәрбиелеу және оның дүниетанымын қалыптастыру үшін әлемдік және дәстүрлі діндердің рухани құндылықтарын тиімді қолдану маңызды болып саналады. Дінтану пәні ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне және жауапкершілікке, отансүйгіштікке, мәдениеттер үнқатысуына, ұлыстардың ерекшелігін түсіну мен сыйлауға, өзге діндегілерге құрметпен қарауға, діндердің құндылықтық негіздерін үйретуі тиіс. Сонымен қатар, еліміздегі қалыптасқан діни жағдайды, шетелдік жат діни ағымдардың теріс ықпал әсерін, экстремистік және террористік бағыттағы діни топтардың зиянды ұстанымдарын үнемі назарға алынуы керек. Дінтану пәнін оқыту процесінде Қазақстандағы діндердің тарихы мен діни іліміне, ғибадаттық ерекшеліктеріне ерекше тоқталу қажет. Қазақстандағы сүнниттік ислам және христиандық православиялық бағыттың елімізге келуі мен таралуын жан-жақты қарастыру бұл ислам мен христиандықтың еліміздегі дінаралық татулық пен келісімдегі атқаратын қызметін ашып көрсетуге бағытталуы тиіс. Дәстүрлі ұлттық діндердің қоғам өмірінде және ұлттардың рухани мәдениеті мен дүниетанымдық ұстанымдарындағы алатын орнын саралау қажет. Еліміздегі мұсылман халықтарының басым бөлігі ұстанатын әбу Ханифа мәзһабының ерекшеліктерін жас жеткеншектерге үйрету халқымыздың ауызбіршілігі мен ынтымақты өмірінің шарты десек, діни ұстанымдағы татулық пен көзқарастың бірегейлігі рухани тұтастықты нығайта түседі. Оқушылар ислам өркениеті мен мәдениетінің құндылықтарын ақыл-парасат пен білім негізінде түсінуі қажет. Басқа діндегі отандастарымызға құрметпен және түсіністікпен қарайтын, отанын, мәдениетін, тарихын сүйетін, рухани жан дүниесі бай, иманжүзді, әдепті, білімді де білікті жас ұрпақты тәрбиелеу дінтануды оқытудағы басты мақсат болып табылады. Сондай-ақ жастарымызға қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен дәстүріндегі діни салт жораларды дінтану пәнін оқытуда тиімді және үйлесімді қолдана білген жөн. Жаңа жас буынның дүниетанымын қалыптастыру мен тәрбиелеуде ұлттық дәстүріміздегі адамгершілік пен ар-ұят ұстанымдарын бүгінгі заман талаптарына

сай тиімді түрде қолдана алсақ, бұл ұлтжанды және иманды ұрпақ қалыптастырудың негізі болады. Дінтану пәнін оқыту үдерісінде ұлттық және адамзатқа ортақ адамгершілік құндылықтарды және тарих сынынан өткен рухани қағидалар мен мәдени мұраларды болашақ тұлғаның болмысы мен дүниетанымына сіңіре

білуіміз қажет. Қазіргі кезде білім беру жүйесінде нашақорлыққа, маскүнемдікке, шылымқорлыққа, әдепсіздікке қарсы тұратын жолдар мен тәсілдерді іздеуде діндердің рухани құндылықтарына (имандылық, діни төзімділік, отансүйгіштік, мейірімділік, бейбітшілік мәдениеті және т.б.) назар аудару керек.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазіргі Қазақстандағы дінтану: қалыптасуы мен даму жолдары / Н.Ж. Байтенова, А.Д. Құрманалиева, Ш.С. Рысбекова, Б.Қ. Бейсенов және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 138 б.
- 2 Зерттеу университетіне трансформациялану аясындағы дінтанулық білім беру: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы, 2012. – 334 б.
- 3 Қазіргі Қазақстандағы дінтанулық білім беру жүйесі: жағдайы және перспективалары: халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2014. – 347 б.
- 4 Бузова Е.Е. Тренды новой религиозности в Казахстане: опыт социогуманитарного измерения. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2014. – 200 с.
- 5 Қазақстанның мәдени және әлеуметтік-саяси дамуындағы діннің рөлі: оқулық гуманитарлық сұхбаттық жоба ретінде./Жалпа ред. басқ. З.К. Шаукенова, С.Е. Нурмуратов. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения КН МОН РК, 2015. – 460 с.

#### References

- 1 Kazirgi Kazakhstanagi dintanu: kaliptasui men damu joldari./ N.J. Baitenova, A.D. Kurmanalieva, Sh.S. Risbekova, B.K.Beisenov,etc. – Almaty, Kazakh university, 2014. – 138 b.
- 2 Zerttey universitetine transformasiyalany aiasindagi dintanylik bilim bery./Halikaralik gilimi-praktikalik konferencia materialdari. – Almaty, Kazakh university, 2012. – 334 b.
- 3 Kazirgi Kazakhstanagi dintanulik bilim beru juiesi: jagdai jane perspektivalari. /Halikaralik gilimi-teorialik konferencia materialdari. – Almaty, Kazakh university, 2014. – 347 b.
- 4 Burova E.E. Trendi novoi religioznosti d Kazakhstane: opit sociogumanitarnogo izmerenia./ Almaty: Institut filosofii, politologii and religiovedenia KN MON RK, 2014. – 200 b.
- 5 Kazakhstannin madeni jane aleumettik-saiasi damuindagi dinnin roli: Okulik gumanitarlik suxbattik joba retinde./ Pod obshei redaksiei Z.K. Shaukenovoi and S.E. Nurmuratova. – Almaty: Institut filosofii, politologii and religiovedenia KN MON RK, 2015. – 460 b.